

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғам

Т.Қ. Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Инженерлік жүйелер және желілер» кафедрасы

6B07306 –Инженерлік жүйелер және желілер

Әлмұханова Альбина Изатуллақызы

Алматы қаласындағы «Саялы-6» шағын ауданын жылумен қамту жүйесін
жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

6B07306 –Инженерлік жүйелер және желілер

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғам

Т.Қ. Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Инженерлік жүйелер және желілер» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.

К.К. Алимова

« 4 » 06 2025ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Алматы қаласындағы «Саялы-6» шағын ауданын жылумен қамту
жүйесін жобалау»

6B07306 –Инженерлік жүйелер және желілер

Орындаған

Әлмұханова А.И

Рецензент

Нурғисова К.М

" 06 " 06 2025 ж.

Жетекші

PhD, аға оқытушы

И. Бур Бердікүл Н.И.

" 06 " 06 2025 ж.

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғам

Т.Қ. Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Инженерлік жүйелер және желілер» кафедрасы

БЕКІТЕМІН

ИЖЖК кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.

К.К. Алимова

«31» 01 2025ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Әлмұханова Альбина Изатуллақызы

Тақырыбы: Алматы қаласындағы «Саялы-6» шағын ауданын жылумен қамту жүйесін жобалау

Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың 2025 жылғы «29» қантар №26-П/Ө бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмыстың тапсыру мерзімі

«26» Мамыр 2025ж

Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері: Алматы қаласының бас жоспары, қарастырылып отырған қаланың климатологиялық деректері.

Дипломдық жобада әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:

а) Негізгі бөлім;

б) Құрылыс өндірісінің технологиясы;

в) Экономикалық бөлім.

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):


1) Саялы-6 ауданының бас жоспары; 2) жылу желілерінің есептік сұлбасы; 3) Жылу желілерінің монтажды сұлбасы; 4) жылу желісінің пьезометрлік графигі; 5) Технологиялық карта;

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 10 атаудан


Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	03.02.2025 – 31.03.2025	Орныдалады
Құрылыс өндірісінің технологиясы	01.04.2025 – 15.04.2025	Орныдалады
Экономикалық бөлім	16.04.2025 – 29.04.2025	Орныдалады

Аяқталған дипломдық жоба үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын
көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған
қолдары


Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Құрылыс өндірісінің технологиясы	Н.И.Бердікүл Phd, Аға оқытушы	16.04.2025	
Экономикалық бөлім	Н.И.Бердікүл PhD, Аға оқытушы	29.05.2025	
Норма бақылаушы	А.Н.Хойшиев техн. ғыл. канд., қауым. проф.	5.06.2025	

Жетекші



Бердікүл Н.И.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды



Әлмұханова А.И.

Күні

«31» 09 2025 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Альмуханова Альбина

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: диплом Альбина 1111

Научный руководитель: Куляш Алимова

Коэффициент Подобия 1: 8.5

Коэффициент Подобия 2: 3.2

Микропробелы: 8

Знаки из других алфавитов: 159

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.


☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата

Заведующий кафедрой



Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Альмуханова Альбина

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: диплом Альбина 1111

Научный руководитель: Куляш Алимова

Коэффициент Подобия 1: 8.5

Коэффициент Подобия 2: 3.2

Микропробелы: 8

Знаки из других алфавитов: 159

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:


☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 31.05.2022



проверяющий эксперт

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагияттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Альмуханова Альбина

Тақырыбы: диплом Альбина 1111

Жетекшісі: Куляш Алимова

1-ұқсастық коэффициенті (30): 8.5

2-ұқсастық коэффициенті (5): 3.2

Дәйексөз (35): 0.3

Әріптерді ауыстыру: 159

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 8

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☐ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.


☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні

Кафедра меңгерушісі



ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

бойынша Дипломдық жұба

(жұмыс түрінің атауы)

Иммуханова

Аюбина

Цзатуинов

(Білім алушының Т. А. Ә.)

6307306 - "Инженерлік нұбелер және неллер"

(Шифр және ББ атауы)

Тақырып:

Ашматы қаласындағы "Салы - 6"

шатын ауданын ныумен қашты нұбелі
нубанау.

Дипломдық нубара Ашматы қаласындағы

Салы - 6 шатын ауданын ныумен қашты

су сту ныу нелсіні сұбас, құбырларын

төсу өдіс, диаметр мен нұбеге арнал

ған сұрға нубарлар тандаған.

Нубара кәріз заманауи материалармен
энергия үнемдеуін технологиялар қарастыған.

Дипломдық жұба Ө7 бағыта бағаланды

Диплом қорғаушы Иммуханова Аюбина

Цзатуинов, 6307306 - "Инженерлік нұбелер

және неллер" БББ - бойынша бақылау

дәрежесін алуға лайықты

Ғылыми жетекші

PhD, аға оқытушы

Н.И.Бердікүл
(қолы)

Н.И.Бердікүл

«3» 06

2025 ж.

РЕЦЕНЗИЯ

бойынша Дипломдық мода
(жұмыс түрінің атауы)

Әмірханова Аюбина Узатұлақызы
(Білім алушының Т. А. Ә.)

6В07306 - "Инженерлік жүйелер және желілер"
(Шифр және ББ атауы)

Тақырып бойынша: Анимация бағасындағы "Саямалық - 6"

матрица ауданын жүйелік бағалау жүйесін жасау

Орындалды:

а) Графикалық бөлім 5 парақтарда
б) түсіндірме жазба 33 беттерінде

ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУЛЕР

Кейбір есептеулердің түсіндіруі мен форму-
лаларға қатысты түсініктерді ашып баяндау,
матрица, кейбір координаттар мен пара-
метрлердің мәндерін нақтылау керек.

Жұмысты бағалау

Дипломдық жұмыста Анимация бағасындағы "Саямалық - 6"
матрица ауданын жүйелік бағалау жүйесін жасау
туралы зерттелген. Модада жүйелік жүйелік есептеу,
жүйелік жүйелік жүйелік параметрлерін анықтау
бағындаған.

Дипломдық мода 85 балла бағаланды.

Рецензент

Т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Нурпеисова К.М. Нурпеисова
(қолы)

«5» 06 2025ж.

АНДАТПА

Дипломдық жұмыста Алматы қаласындағы Саялы-6 шағын ауданын жылумен қамтамасыз ету жүйесі қарастырылды. Жобада шағын ауданды орталықтандырылған жылу көзімен жабдықтау үшін қажетті жылу жүктемесі есептеліп, жылу жүйесінің гидравликалық параметрлері анықталды.

Жылу желісінің сызбасы, құбырлардың төселу әдісі, диаметрі және жүйеге арналған сорғы жабдықтары таңдалды. Сонымен қатар, құрылыс өндірісінің технологиясы, еңбекті қорғау шаралары және жобаның экономикалық тиімділігі жан-жақты сипатталды. Жобада қазіргі заманғы материалдар мен энергия үнемдеуші технологиялар қолданылды.

АННОТАЦИЯ

В дипломной работе рассмотрена система теплоснабжения жилого массива Саялы-6 в городе Алматы. Выполнены расчёты тепловой нагрузки, произведено гидравлическое моделирование тепловой сети, подобраны диаметры трубопроводов и насосное оборудование.

Разработана схема прокладки наружных теплотрасс, выбраны рациональные методы монтажа. Также в работе приведены этапы технология строительного производства, меры по охране труда и экономическое обоснование проекта. В проекте применены современные материалы и энергосберегающие технологии.

ABSTRACT

This diploma project explores the design of a district heating system for the Saily-6 residential area in Almaty city. The study includes calculation of thermal loads, hydraulic analysis of the heating network, and selection of appropriate pipe diameters and pumping equipment.

A layout of the external pipeline network is developed along with optimized installation methods. The project also presents the construction sequence, occupational safety measures, and an economic feasibility assessment. Modern materials and energy-efficient technologies are applied throughout the system.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жобалау ауданының сипаттамасы	8
1.1.1 Есепті жылу шығындары	9
1.2 Жабық жылумен қамту жүйелері	12
1.2.1. Жылу тасымалдағыштың температуралық параметрлерін анықтау	13
1.3 Су тасымалдағышты жылумен қамту желілері	15
1.3.1 Есепті су шығынын есептеу	16
1.3.2 Жылу құбырларының су шығыны есептеулері	17
1.3.3 Жылу құбырларындағы гидравликалық есептеулер нәтижелері	19
1.4 Жылу жүйесіне арналған сорғыны таңдау	20
1.5 Жылу жүйесін монтаждау тәртібі	21
1.5.1 Жылумен жабдықтау жүйесінің экономикалық тиімділігі	22
2 Құрылыс өндірісінің технологиясы	23
2.1 Жобаланған құрылыс нысанының сипаттамасы	23
2.2 Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемін есептеу	24
2.3 Құбырларды төсеу және монтаждау жұмыстарын орындау тәртібі	24
2.4 Құрылыс-монтаж жұмыстарын ұйымдастыру және мерзімдік жоспары	25
2.5 Жұмысшыларды қауіпсіздік техникасымен қамтамасыз ету	26
2.6 Жұмыс аймағын ұйымдастыру	27
2.7 Жарақат алу қауіптері және олардан қорғану шаралары	27
2.8 Электр қауіпсіздігі және дәнекерлеу жұмыстары	28
2.9 Жұмыс уақыты және демалыс тәртібі	28
3 Экономикалық бөлім	28
3.1 Техникалық және экономикалық негіздеме	28
3.2 Жүйені пайдалану кезіндегі шығындарды есептеу	28
ҚОРЫТЫНДЫ	32
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	33
ҚОСЫМШАЛАР	34

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта қалалардың аса дамуына байланысты жаңа тұрғын аудандардың инфрақұрылымын сапалы жобалау мен салу өзекті мәселеге айналып келе жатыр. Соның арасында, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды үздіксіз әрі тиімді жылумен қамтамасыз етуі аса орын алатын. Жылу жүйесін дұрыс ұйымдастыру халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсерін тигізеді және энергия үнемдеу талаптарына сай болуы тиісті.

Дипломдық жобада Алматы қаласындағы Саялы-6 шағын ауданын жылумен қамту көрсетілген. Жобаның басты мақсаты Саялы-6 шағын ауданындағы ғимараттар мен тұрғын үйлерге жылу желілерін жүргізу және адамдарға қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Менің жобамда осы ауданды жылу желілерін жүргізу арқылы жылыту және желдетудің жылу шығындары есептелінді. Осы ақпараттарды қолданып су шығыны алынып гидравликалық есеп және жылу желілерінің сұлбасы жүзеге асты.

Осы жұмыстың мақсаты – Саялы-6 ауданын тиімді, сенімді және ұзақ мерзімді жылумен қамтамасыз ету үшін инженерлік тұрғыдан негізделген шешім ұсыну.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жобалау ауданының сипаттамасы

Менің дипломдық жұмысымның тақырыбы «Саялы-6 Шағын ауданын жылу желісімен қамтамасыз ету». Жылу желілерімен қамту ол үйлерге жылыту жүргізу яғни халыққа қолайлы жағдай жасау болып келеді. Дипломдық жобамда Саялы шағын ауданын толық жылумен қамтуды алдым. Жылумен жабдықтау желілерін жобалау үшін қажетті сыртқы ауаның климатологиялық көрсеткіштерін ҚНЖЕ бойынша қабылдаймыз[1]:

- ең суық бескүндік ауасының температурасы t'_o = минус 25°C;
- жылыту кезеңіндегі ауаның орташа температурасы t_{om} = минус 1,6°C;
- жылыту мерзімінің ұзақтығы n_o = 16 тәулік;
- қараша-наурыз айларындағы жауын-шашынның мөлшері 75%;

Саялы шағын ауданы Алматы қаласының солтүстік бөлігінде орналасқан. Алматы қаласы – Қазақстанның оңтүстік-шығысында орналасқан, географиялық тұрғыда Іле Алатауының баурайында жайғасқан ірі мегаполис. Қаланың климаты шұғыл континенттік болып сипатталады, яғни жаз мезгілі ыстық әрі құрғақ, ал қыс айлары суық әрі ылғалды болады. Орташа жылдық температура +10 °C шамасында өзгереді, қыста ауа температурасы көбінесе минус 5 °C-тан төмендеп, кей кездері минус 20 °C-қа дейін төмендеуі ықтимал болады. Жазда ауа температурасы +30 °C-тан асып жығылады. Жауын-шашын негізінен көктем мен күз мезгілдерінде жиі түседі.

Алматының географиялық орналасуына байланысты қала аумағында ауа айналымы әлсіз, сондықтан кейбір кездері тұман мен ауа қабаттарының ластануы байқалады. Климаттың мұндай ерекшеліктері жылу жүйесіне қойылатын талаптарды арттырады, себебі қыстың салқын күндерінде ғимараттардың үздіксіз және сапалы жылытылуын қамтамасыз ету өте маңызды.

Қазіргі уақытта Алматы қаласында жылу жүйелерін жаңғырту және энергия тиімділігін арттыру бағытында ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Ескі құбырларды заманауи оқшауланған құбырларға ауыстыру, автоматтандырылған басқару жүйелерін енгізу және энергия шығынын азайту шаралары қолға алынған. Бұл іс-шаралар қала тұрғындарына жылудың сенімді әрі үнемді жеткізілуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Алматының климаты мен қала құрылымы жылумен қамту жүйесін жобалауда және пайдалануда әрдайым ерекше тәсілді талап етеді. Тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардың жылу шығынын оңтайландыру, экологиялық қауіпсіздік пен энергия үнемділігін қамтамасыз ету бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі болып отыр.

Жобалау үшін сыртқы ауа параметрлерін таңдау және жылу тұтынушылар сипаттамасы Есептерге қажетті көрсеткіштер келесідей:

- Алматы қаласы Саялы-6 ауданының бас жоспары ;
- ең суық бескүндіктегі сыртқы ауаның есепті температурасы $t_o' = \text{минус } 25^\circ\text{C}$;

1.2 Есепті жылу шығындары

Жылу желісі жобасын есептеу үшін жылытуға(Q_0) және желдетуге(Q_v) арналған ең үлкен жылу шығынын табамыз. Содан сумен қамту жүйелерін (G_0) анықтаймыз.

Сумен қамту жүйелері яғни гидравликалық есептеу бас жоспар арқылы жүзеге асады. Бас жоспардан сызған жылу желісінің принципіалды сұлбасына нақтылап көрсеткен мәндерді жазамыз.

Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылыту үшін максималды жылу шығыны

$$Q_o^{\max} = q_o \cdot V_H \cdot (t_B - t_{HO}) \cdot \alpha, \text{ Вт} \quad (1.1)$$

$$Q_o^{\max} = 1,83 \cdot 966 \cdot 43 \cdot 1,08 = 82,0957 \text{ кВт}$$

мұндағы q_o – ғимараттың көлеміне байланысты жылу жоғалуы, $\text{Вт}/\text{м}^3 \cdot ^\circ\text{C}$;
 V_H – ғимараттың бас жоспардан алынып есептелінген көлемі, м^3
 t_B – жылытылатын ғимараттың орташа температурасы, $^\circ\text{C}$;
 t_{HO} – жылыту жүйесін жобалау үшін сыртқы температура параметрі, $^\circ\text{C}$;
 α – ғимараттың меншікті жылу жоғалуына қатысты түзету коэффициенті, температураға байланысты.

Қоғамдық ғимараттарды желдетуге арналған жылу шығыны

$$Q_v^{\max} = q_v \cdot V_H \cdot (t_B - t_{HB}), \text{ Вт} \quad (1.2)$$

$$Q_v^{\max} = 0 \cdot 4449.75 \cdot 43 = 0 \text{ кВт}$$

мұндағы q_o – ғимараттың көлеміне байланысты жылу жоғалуы, $\text{Вт}/\text{м}^3 \cdot ^\circ\text{C}$;
 V_H – ғимараттың бас жоспардан алынып есептелінген көлемі, м^3 ;
 t_B – жылытылатын ғимараттың орташа температурасы, $^\circ\text{C}$;
 t_{HB} – жылыту жүйесін жобалау үшін сыртқы температура параметрі, $^\circ\text{C}$.

Ғимараттарға максималды жылытуға және желдетуге арналған жылу шығыны нәтижесі А.1-кестеде көрсетілген.

Ғимаратқа қажетті ыстық сумен қамту жүйесінің жылулық жүктемесін анықтау формуласы:

$$Q_{hm}^{\max} = \frac{m \cdot a \cdot (t_h - t_c) \cdot c}{24}, \text{ Вт} \quad (1.3)$$

$$Q_{hm} = \frac{85 \cdot 20 \cdot (60 - 5) \cdot 4,19 \cdot 0,001}{24} = 16,32 \text{ кВт}$$

мұндағы m – тұтынушылар саны, адам;

a – бір адамға арналған ыстық су шығынының мөлшері, л/адам;

t_h – ыстық судың жобалық температурасы, (әдетте 60°C);

t_c – суық судың температурасы, (қыс кезінде 5°C деп алынады);

c – судың меншікті жылу сыйымдылығы, $c = 4,19 \text{ кДж/кг} \cdot ^\circ\text{C}$;

24 – тәуліктегі сағат саны.

$$Q_{hms} = Q_{hm} \cdot \frac{60 - t_c^s}{60 - t_c} \cdot \beta \quad (1.4)$$

$$Q_{hms} = 16,32 \cdot \frac{60 - 5}{60 - 15} \cdot 0,8 = 10,68 \text{ кВт}$$

мұндағы Q_{hm} – жылытылатын маусымдағы ыстық су үшін қажет жылу жүктемесі, кВт;

t_c^s – жаз кезіндегі суық судың температурасы, °C (әдетте 15°C алынады)

t_c – қысқы маусымдағы суық судың температурасы, °C (әдетте 5°C алынады)

β – жаз айларындағы ыстық су қолдану коэффициенті (әдетте 0,8 деп алынады)

60 – ыстық судың есептік температурасы, °C

Бұл формулалар тұрғын және қоғамдық ғимараттардың жылытылатын маусымында ыстық сумен қамту үшін қажетті ең жоғары жылу ағынын анықтауға қолданылады.

Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды ыстық сумен қамту үшін максималды жылу ағыны

-жылытылатын маусымында

$$Q_{\max}^h = 2,4 \cdot Q_{hm}, \text{ Вт} \quad (1.5)$$

$$Q_{h\max}=2,4 \cdot 16,32=39,1765 \text{ кВт}$$

- жылытылмайтын маусымда

$$Q_{\max}^s = 2,4 \cdot Q_{hm}^s, \text{ Вт} \quad (1.6)$$

$$Q_{h\max}=2,4 \cdot 10,68=25,64 \text{ кВт}$$

мұндағы 2,4 – ыстық сумен қамтуға кететін жылу энергиясын тұтынуды сағаттық тепе-теңдік коэффициенті.

Жинақтық есептік жылу шығыны

$$\Sigma Q' = Q_o' + Q_v' + Q_{hm}, \text{ Вт} \quad (1.7)$$

$$\Sigma Q' = 67296,9+1136,19+1726,45=70159,54 \text{ кВт.}$$

Кесте-1 – Ғимараттардағы ыстық сумен қамтуға арналған жүктемелер нәтижесі

Ғимарат атауы	a	m	Q _{hm} , кВт	Q _{hms} , кВт	Q _{hmaxs} , кВт	Q _{hmax} , кВт
1 тұрғын үй	85	20	16,32	10,68	25,64	39,1765
2 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
3 тұрғын үй	85	20	16,32	10,68	25,64	39,1765
4 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
5 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
6 тұрғын үй	85	20	16,32	10,68	25,64	39,1765
7 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
8 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
9 тұрғын үй	85	20	16,32	10,68	25,64	39,1765
10 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
11 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
12 тұрғын үй	85	20	16,32	10,68	25,64	39,1765
13 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
14 тұрғын үй	85	20	16,32	10,68	25,64	39,1765
16 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
17 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
18 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
19 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
20 тұрғын үй	85	30	24,49	16,03	38,46	58,7648
21 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
22 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
23 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
24 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353

1-кестенің жалғасы

Ғимарат атауы	a	m	Q _{hm} , кВт	Q _{hms} , кВт	Q _{hmaxs} , кВт	Q _{hmax} , кВт
25 тұрғын үй	85	30	24,49	16,03	38,46	58,7648
26 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
27 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
28 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
29 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
30 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
31 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
32 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
33 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
34 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
35 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
36 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
37 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
38 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
39 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
40 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
41 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
42 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
43 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
44 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
45 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
46 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
47 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
48 тұрғын үй	85	40	32,65	21,37	51,29	78,353
Тұрғын үйлер	85	1740	1420,1	929,552	2230,92	3408,36
Магазин	30	20	5,76	3,77	9,05	13,827
№183 балабақша	85	100	81,62	66,78	160,27	195,883
№204 орта мектебі	30	400	115,23	94,28	226,26	276,54
СпецЦон	30	300	86,42	70,71	169,7	207,405
Техосмотр	30	60	17,28	14,14	33,94	41,481
Жалпы қосындысы	87	2620	1726,45	1179,22	2830,14	4143,49

Жылумен жабдықталатын аудандарда әрдайым жылу ағындары анықталады. Бұл қажеттілік жылу энергиясын өндіруге жұмсалатын отын мөлшерін және шығындарды бағалау үшін туындайды. Сонымен қатар, жылу жүйесін тиімді жобалау барысында техникалық-экономикалық негіздемелер жасау үшін де бұл есептеулер аса маңызды болып келеді.

Жобалайтын аудандар үшін жылдық жылу ағындары анықталады:

- *жылытуға:*

$$Q_{\text{жыл}}^{\text{жыл}} = 86,4 \cdot Q_o \cdot n_o, \text{ кДж/жыл} \quad (1.8)$$

$$Q_{0\text{жыл}}=86,4 \cdot 67296,9 \cdot 166=965,195 \text{ МДж/жыл.}$$

- *желдетуге:*

$$Q_{\text{жыл}}^{\text{ж}} = 3,6 \cdot Z \cdot Q_v \cdot n_o, \text{ кДж/жыл} \quad (1.9)$$

$$Q_{v\text{жыл}}=3,6 \cdot 16 \cdot 1726,45 \cdot 166= 16,507 \text{ МДж/жыл.}$$

- *ыстық суға:*

$$Q_{\text{жыл}}^{\text{ж}}{}_{hm} = 86,4 \cdot [Q_{hm} \cdot n_o + Q_{hm}^s \cdot (350 - n_o)], \text{ кДж/жыл} \quad (1.10)$$

$$Q_{\text{жыл}}^{\text{ж}}{}_{hm}=86,4 \cdot [1726,45 \cdot 166 + 1179,22 \cdot (350 - 166)]=43,508 \text{ МДж/жыл.}$$

мұндағы Z – қоғамдық ғимараттарда ауадан желдету желілері тәуліктік орташа жұмыс сағат саны, қоғамдық ғимараттарға 16 сағат, яғни 2 ауысым қабылданады;

350 – жылумен қамту жүйесінің жылдық жұмысының тәуліктік саны;

n_o – жылытылатын маусымының ұзақтылығы, 166 тәулік қабылданады.

Q_o, Q_v – жылытылатын мерзімде жылыту және желдетуге орташа жылу ағындары, Вт.

Ағымды сыртқы ауа температурасына сәйкес жылу ағындарының есептеу нәтижесі А.2-кестесінде көрсетілген.


Жылытылатын мерзімде сыртқы ауа температураларының қайталану ұзақтылығы А.3-кестесінде көрсетілген.

1.1-суретте жылу ағынының сыртқы ауа температурасына тәуелділігі графигі сол жақ бөлігіне сызылды. Ал оң жағына сыртқы ауа температураларының қайталанғыштық көрсеткіштерімен ұзақтылық графигі көрсетілген.

1.3 Жабық жылумен қамту жүйелері

Тұтынушыларға ашық және жабық күйде ыстық суды жеткізуге болады. Жабық жылумен қамту жүйелері – жылу тасымалдағыштың тұйықталған контурда айналымы қамтамасыз етілетін жүйелер. Мұндай жүйеде жылу тасымалдағыш тек тұтынушы мен жылу көзінің арасында айналып, сыртқы ортамен тікелей жанаспайды. Бұл тәсіл жылу шығынын азайтып, жүйенің сенімділігі мен тиімділігін арттырады. Жабық жүйелердің негізгі ерекшелігі –

ондағы су тек бір рет қыздырылып, тұтынушы жүйесіне берілген соң, қайтадан жылу көздеріне оралуы.



1.1-сурет - Жылу ағынының сыртқы ауа температурасына қатысты тәуелділік графигі

1.3 Жабық жылумен қамту жүйелері

Тұтынушыларға ашық және жабық күйде ыстық суды жеткізуге болады. Жабық жылумен қамту жүйелері – жылу тасымалдағыштың тұйықталған контурда айналымы қамтамасыз етілетін жүйелер. Мұндай жүйеде жылу тасымалдағыш тек тұтынушы мен жылу көзінің арасында айналып, сыртқы ортамен тікелей жанаспайды. Бұл тәсіл жылу шығынын азайтып, жүйенің сенімділігі мен тиімділігін арттырады. Жабық жүйелердің негізгі ерекшелігі – ондағы су тек бір рет қыздырылып, тұтынушы жүйесіне берілген соң, қайтадан жылу көздеріне оралуы. Осылайша, су бұға айналмайды және жүйеде тұрақты қысым сақталады. Бұл жылу жүйесінің техникалық жағдайын жақсартуға, құбырлардың қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді. Жабық жүйелердің артықшылықтарына жылу тасымалдағыштың аз мөлшерде булануы, жүйедегі коррозиялық процестердің бәсеңдеуі және тұтынушыларға тұрақты сападағы жылу жеткізу мүмкіндігі жатады. Сонымен қатар, энергия шығыны төмендеп, эксплуатациялық шығындар азаяды. Саялы-6 ауданын жылумен қамтуда жабық жүйені қолдану – заманауи талаптарға толық сәйкес келеді. Себебі бұл жүйе ауданның жылу қажеттілігін тиімді түрде қанағаттандыруға, ресурстарды үнемдеуге және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

1.3.1 Жылу тасымалдағыштың температуралық параметрлерін анықтау

Температуралық графикті таңдағанда сыртқы ауаның ең төменгі есептік температурасы, ғимараттардың жылу шығыны, сондай-ақ жылу желілерінің ұзындығы мен жылу жоғалту көрсеткіштері ескеріледі. Әдетте, жылу көзінен шығатын судың температурасы ең суық күндерде 130–150 °С аралығында, ал қайтып оралатын судың температурасы 70–80 °С шегінде қабылданады.

Температуралық графикті есептеу барысында жылу беру жүйесінің тиімділігі, гидравликалық режимнің тұрақтылығы және жылу энергиясын үнемдеу мүмкіндіктері қарастырылады. Жүйедегі су температурасының дұрыс таңдалуы энергия шығынын азайтып қана қоймай, жылу желілерінің қызмет мерзімін де ұзартады.

Саялы-6 ауданын жылумен қамту үшін сыртқы ауа температурасының жыл бойғы өзгерісі және ғимараттардың жылу техникалық сипаттамалары негізінде температуралық график анықталады. Есептеу нәтижесінде алынған мәліметтер инженерлік шешімдердің негізін құрап, жүйенің сенімді әрі үнемді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Жылу жіберуді сапалық реттеу жылу тасымалдағыштың есепті температураларына байланысты болады. Жылу тасымалдағыштың сыртқы ауау параметрлеріне байланысты ауытқуы мүмкіндігін ескере отырып сыртқы ауа температурасына байланысты есепті температураларды қабылдаймыз. Төменгі өрнектер арқылы жылу тасымалдаушымыз судың есепті температуралық параметрлері анықталады және оның нәтижелері кестелерге енгізілеген[5,6,9] .

Жылу желілерінің беретін құбырындағы тасымалдаушының температурасы сыртқы ауа температурасы 15°С болған кездегі мысалмен:

$$\tau_{o1} = t_i + (\tau_{жа} - t_i) \cdot Q_o^{0.75} + (\tau'_{o1} - \tau'_{жа}) \cdot Q_o, ^\circ C \quad (1.11)$$

$$\tau_{o1} = 18 + (77,5 - 18) \cdot 0,820 + (115 - 77,5) \cdot 0,767 = 96^\circ C .$$

Сыртқы ауа температурасы 15°С болған кездегі жылу желілерінің қайтатын құбырларындағы температура:

$$\tau_{o2} = \tau_{o1} - (\tau'_{o1} - \tau'_{o2}) \cdot Q_o, ^\circ C \quad (1.12)$$

$$\tau_{o2} = 96 - (115 - 70) \cdot 0,767 = 61^\circ C .$$

Элеватордан шыққан судың жылыту жүйесінің беретін құбырындағы температурасы:

$$\tau_{cm} = \tau_{o1} - (\tau'_{o1} - \tau'_{cm}) \cdot Q_o, ^\circ C \quad (1.13)$$

$$\tau_{cm} = 96 - (115 - 85) \cdot 0.767 = 73^\circ C,$$

мұндағы $Q_o = \frac{t_i - t_H}{t_i - t'_o}$ – жылыту жүйесінің салыстырмалы ағындары;

τ'_{o1} – жылу тасымалдау желісінің беретін құбырындағы есепті су температурасы, $^\circ C$;

τ'_{o2} – жылу тасымалдау желісінің қайтатын құбырындағы есепті су температурасы, $^\circ C$;

τ'_{cm} – жергілікті жылыту жүйесінің беретін құбырындағы су температурасы, $^\circ C$;

t_i – жылытылатын бөлмеге қажетті іші ауа температурасы болып есептелінеді;

$\tau'_{жа}$ – жылыту аспаптарындағы судың орташа температурасы, $^\circ C$.

Алматы қаласы бойынша жылытылатын мерзім үшін $+8^\circ C \div$ минус $25^\circ C$ дейін сыртқы ауа температураларының әрқайсысына сәйкес жылу желілеріне беретін, қайтатын және де жергілікті жылыту желісінің беретін құбырының температуралары есептелінеді.

$$G_o = \frac{Q_o}{c(\tau'_{o1} - \tau'_{o2})}, \text{кг/с} \quad (1.14)$$

$$G_o = \frac{51647}{4,19 \cdot (96 - 61)} = 352,17 \text{ кг/с}$$

мұндағы c – судың жылу сыйымдылығы $100^\circ C$ сәйкес, $\text{кДж/кг } ^\circ C$;

Q_o – жылу ағыны, Вт.

1.4 Су тасымалдағышты жылумен қамту желілері

Су тасымалдағышты жылумен қамту желілері – ғимараттарды және басқа да нысандарды жылумен қамтамасыз ету үшін суды жылу тасымалдағыш ретінде қолданатын жүйелер. Бұл жүйелерде қыздырылған су жылу көзінен тұтынушыға жеткізіледі және жылу бергеннен кейін қайтадан жылу көздеріне оралады.

Су негізіндегі жылу желілерінің негізгі ерекшелігі – олардың жылу тасымалдағышы ретінде суды қолдануы. Су жылу өткізгіштігі жоғары, экологиялық қауіпсіз және қолжетімді болғандықтан, көптеген жылу жүйелерінде ең тиімді тасымалдағыш ретінде пайдаланылады. Мұндай жүйелерде жылу шығынын азайту үшін құбырлар жақсы жылу оқшаулау материалдарымен қапталады. Су тасымалдағышты жүйелердің жұмыс істеуі үшін тұрақты температуралық және гидравликалық режим сақталуы қажет. Жүйедегі су қажетті температурада болуы үшін жылу көзінде қыздырылады және тұтынушыға жеткізіледі. Берілген және қайтарылатын судың температуралары арасындағы айырма арқылы жүйенің тиімділігі бағаланады.

Су жылу желілері тұрғын үйлер, әкімшілік ғимараттар, өндірістік нысандар сияқты әртүрлі объектілерді жылыту үшін кеңінен қолданылады. Бұл жүйелердің басты артықшылықтары – сенімділік, ұзақ мерзімді қызмет ету және техникалық қызмет көрсетуінің қарапайымдылығы.

Саялы-6 ауданын жылумен қамту жобасында да су тасымалдағышты жылу жүйесін қолдану қарастырылған. Бұл таңдау ауданның барлық талаптарын қанағаттандырып, тұрғындарға ыңғайлы әрі тұрақты жылу жеткізуге мүмкіндік береді.

1.4.1 Есепті су шығынын есептеу

Жылумен қамту жүйелерінің гидравликалық есептеулерін орындау үшін әрбір ғимараттың жылу шығынын анықтау қажет. Желілік судың шығынының нәтижесінде желдету, жылыту жүйелері және ыстық сумен қамту жүйелері үшін жеке-жеке судың ортақ шығыны есептеледі.

Желілік су шығындары екі кезең бойынша – жылыту маусымында және жылыту маусымынан тыс мерзімде анықталады.

Жылыту кезеңіндегі құбырдағы есептік су шығыны мына формуламен анықталады:

$$G_d = G_0 + G_v + K_3 G_{ihm}, \text{ кг/с} \quad (1.15)$$

$$G_d = 2.006 + 0 = 2.006 \text{ кг/с,}$$

мұндағы G_0, G_v, G_{ihm} — жылытумен желдету жүйелеріне және ыстық сумен қамтуға есептік судың шығындары, кг/с;

K_3 — ыстық сумен қамту жүйелеріне орташа судың шығынының үлесін ескеретін коэффициент.

Су шығыны анықталады:

- жылыту жүйесіне

$$G_o = \frac{Q_0 \cdot 10^3}{c(\tau'_1 - \tau'_2)}, \text{кг} / \text{с} \quad (1.16)$$

$$G_0 = \frac{82,09}{4,19 \cdot (150 - 70)} = 0,24 \text{ кг/с}$$

- желдету жүйесіне

$$G_v = \frac{Q_v \cdot 10^3}{c(\tau'_1 - \tau'_2)}, \text{кг} / \text{с} \quad (1.17)$$

$$G_0 = \frac{2,573}{4,19 \cdot (150 - 70)} = 7,68 \text{ кг/с}$$

мұндағы Q_0 — жылыту жүйесінің жүктемесі, кВт;

Q_v — желдету жүйесінің жүктемесі, кВт;

c — судың жылу сыйымдылығы 100°C сәйкес, кДж/кг $^\circ\text{C}$;

τ'_1 — жылу тасымалдау желісінің беретін құбырындағы есепті су температурасы, $^\circ\text{C}$;

τ'_2 — жылу тасымалдау желісінің қайтатын құбырындағы есепті су температурасы, $^\circ\text{C}$.

Су шығындарының нәтижелері Б.1-кестесінде көрсетілген.

1.4.2 Жылу құбырларының су шығыны есептеулері

Жылу жүйесін жобалауда гидравликалық есептеулер негізі және міндетті кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл есептеулер жылу желісіндегі құбырлар арқылы жылу тасымалдаушысының қозғалысы кезінде болатын кедергілерді

ескере отырып, жүйенің тиімді әрі нақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Гидравликалық есеп жүргізу үшін ең алдымен жүйенің сызбасы жасалып, оның тармақтары мен учаскелері анықталады. Әрбір учаскедегі ағын бағыты, ұзындығы мен қажетті параметрлері ескеріліп, құбырлар диаметрі есептеледі. Құбырлар жүйесін бөлу барысында жылу жүктемесіне сәйкес материалдар мен құбыр түрлері таңдалады. Бұл кезеңде диаметрлерді дұрыс таңдау өте маңызды, өйткені ол жүйенің шығындарын, тиімділігін және ұзақ мерзімділігін анықтайды.

Есептеу кезінде құбыр ішіндегі қозғалыстың тұрақты болуын қамтамасыз ету үшін, гравитациялық жүйелерде құбырлардың көлбеулігі кемінде 25 мм болуы шарт. Сонымен қатар, гидравликалық есептеу барысында кедергі коэффициенті $K_0 = 0,0005$ мәнінен аспауы қажет.

Құбыр диаметрін таңдау тек гидравликалық тұрғыда емес, сонымен қатар экономикалық және техникалық жағынан да тиімді болуы керек. Жүйенің ұзақ мерзімділігін арттыру үшін, артық қысым, тозу және материалдық шығындар да ескерілуі тиіс.

Жылу желісінде негізгі мақсат – жылу тасығышты тұтынушыға дейін қажетті мөлшерде және қысымда жеткізу. Осы мақсатта жүйенің негізгі және тармақталған бөліктеріндегі қысымның төмендеуі есептеліп, бұл жоғалту белгілі бір шекте аспауы қажет. Жобалау нормаларына сәйкес, магистраль бөлігіндегі қысым жоғалтуы 300 Па/м, ал тармақталған бөлігінде — 80 Па/м аспауы керек.

Қысым жоғалуы келесі формула бойынша есептеледі:

$$\Delta P = \Delta P_f + \Delta P_m, \text{ Па} \quad (1.18)$$

мұндағы ΔP_f – үйкеліс салдарынан туындайтын қысым жоғалуы, ал ΔP_m – жергілікті кедергілерге байланысты қысым шығыны.

Ұзындығында қысымның шығынын анықтаймыз:

$$\Delta P_l = \Delta R_l \cdot l, \text{ Па} \quad (1.19)$$

мұндағы R_l – 1 метр шаққандағы қысымды жоғалту, Па/м;

l – құбыр учаскесінің ұзындығы, м.

Жүйе бойынша судың қозғалыс жылдамдығы 3,5 м/с аспауы тиіс, өйткені бұл мән жүйенің сенімді әрі үнемді жұмысын қамтамасыз етеді.

Жергілікті кедергілерде болатын қысым жоғалту келесі формуламен анықталады:

$$\Delta P_m = \Delta R_l \cdot l \cdot \alpha, \text{ Па} \quad (1.20)$$

мұндағы α — теңелткіш элементтердің эквивалентті ұзындықтағы мәні.

Құбырлар арасындағы қысым жоғалтуды талдау арқылы әр учаскеде арын мәндері есептеліп, жүйенің гидравликалық тиімділігі тексеріледі.

Құбыр учаскелеріндегі нақты қысым жоғалуын анықтау үшін келесі мысал қарастырылады мысалы ҚТ1-ҚТ2:

$$\Delta P = \Delta R_{\text{л}} \cdot (1 + \alpha) = R_{\text{л}} \cdot l_{\text{нр}}, \text{ Па} \quad (1.21)$$

$$\Delta P = 60,9 \cdot 123,94 \cdot (1 + 0,3) = 9812,33 \text{ Па}$$

мұндағы $l_{\text{нр}}$ — учаскінің есептелінген ұзындығы, м.

Қысым жоғалуының нәтижесінде туындайтын арын (жоғары көтерілу биіктігі):

$$\Delta H = \frac{\Delta P}{\rho \cdot g}, \text{ м} \quad (1.22)$$

$$\Delta H = \frac{9812,33}{1000 \cdot 9,81} = 96,259 \text{ м}$$

мұндағы g — еркін түсу үдеуі, қабылданады $9,81 \text{ м/с}^2$;

ρ — судың тығыздығы, қабылданады 1000 кг/с .

Жоғарыда келтірілген өрнектер мен қағидалар негізінде жылу жүйесіндегі барлық құбыр учаскелерінің гидравликалық тұрақтылығы бағаланып, жүйенің толыққанды әрі сенімді жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар жасалады.

Жылу желілері бас магистралі жылытылатын және жылытылмайтын мерзім үшін гидравликалық есеп мәндері Б.2 мен Б.3-кестелерінде көрсетілген.

Жылу желілерінің тарамының гидравликалық есебінің (АҚ-ҚТ43) нәтижелері жылытылатын және жылытылмайтын мерзім үшін Б.4 мен Б.5-кестелерінде көрсетілген.

Жыл желілерінің тарамдарының гидравликалық есебінің (ҚТ7-ҚТ26) нәтижелері жылытылатын мерзім үшін Б.6-кестесінде көрсетілген.

1.4.3 Жылу құбырларындағы гидравликалық есептеулер нәтижелері

Гидравликалық есептің басты мақсаты — жылу жүйесінде судың қозғалысына кедергі келтіретін қысым жоғалтуларын анықтап, оларды реттеу арқылы жүйенің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету. Есеп жүргізу барысында


әрбір учаскедегі құбырдың ұзындығы, диаметрі, судың қозғалыс жылдамдығы мен шығыны есепке алынады.

Құбырлар бойымен қозғалған кезде су үйкеліс пен жергілікті кедергілерге байланысты қысым жоғалтады. Осыны ескере отырып, құбырдың әр учаскесіне түсетін жүктеме мен арынның өзгерісі есептеледі. Жүйенің ең ұзын тармағы, яғни гидравликалық тұрғыдан ең ауыр жол негізгі есептік бағыт ретінде алынады.

Есеп нәтижесінде анықталған көрсеткіштер:

- Құбыр учаскесіндегі су шығыны;
- Қысым жоғалтудың үйкелістен болатын бөлігі;
- Қосымша кедергілерден туындайтын қысым шығыны;
- Қажетті арын мөлшері;
- Құбырдың ішкі диаметрі;
- Су қозғалысының жылдамдығы.

Әрбір учаске бойынша есептелген мәліметтер арнайы есеп кестесіне енгізіледі. Бұл кестеде құбырлардың типі, ұзындығы, тармақ саны, шартты белгілері және гидравликалық параметрлері толық көрсетіледі. Кестенің соңында жүйенің жалпы гидравликалық кедергісі мен оны өтейтін циркуляциялық сорғының қажетті арын шамасы есептеледі. Сосын пьезометрлік график тұрғызылады:



1.2-сурет – Пьезометрлік график

Саялы-6 шағын ауданындағы жылу желісінің жалпы ұзындығы мен жылу жүктемесіне сәйкес, есептеулер нәтижесінде құбырлардың диаметрлері мен гидравликалық сипаттамалары жүйенің тиімді жұмысын қамтамасыз ететіндей

таңдалды. Жүйедегі арын шамасы сорғының қуатына сәйкес келеді, бұл су айналымының тұрақтылығын көрсетеді.

1.5 Жылу жүйесіне арналған сорғыны таңдау

Жылумен жабдықтау жүйесінде сорғы (сорап) – жылу тасымалдаушыны жүйе бойынша үздіксіз айналдырып тұратын негізгі элементтердің бірі. Оның дұрыс таңдалуы құбырлар бойымен судың қажетті жылдамдықпен және қысыммен қозғалуы үшін аса маңызды.

Сорғы таңдау үшін келесі көрсеткіштер ескеріледі:

- Жылу жүйесінің гидравликалық кедергісі;
- Су шығыны (есептік ағын мөлшері);
- Қажетті арын (напор) – жүйе бойымен қысым жоғалуын өтеу үшін қажет.

$$G_{жс} = G_d = G_o + G_v \cdot 3.6, \text{ м}^3/\text{сағ} \quad (1.22)$$

$$G_{жс} = 119,46 \cdot 3,6 = 430,056 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Сорғының арын шамасын анықтау үшін мына формула қолданылады:

$$H_{жс} = H_{жж} + H_T + H_{жк}, \text{ м} \quad (1.23)$$

$$H_{жс} = 28,5 + 22 + 9,5 = 60\text{м},$$

мұндағы $H_{жж}$ – жылу желілеріндегі арынның жалпы жоғалуы;

H_T – жылу желілеріндегі соңғы тұтынушының арынның жалпы жоғалуы;

$H_{жк}$ – жылу көзіндегі арынның жоғалуы.

Желілік сораптың орнатылу минимальді саны екі дана, оның біреуі қосалқы болып есептелінеді. Желілік сорғыш түрлері СЭ, Д және СД.

Таңдалынатын сораптың түрі СЭ – 800-100-11-С, жылу көзіне екі дана қойылады:

- өнімділігі – 800 м³/сағ;
- арын – 100м;
- айналу жиілігі – 1500 айн/мин;
- рұқсат етілген кавитациялық қор – 5,5м;
- қуаты – 273кВт;
- ПӘК 81%.

Сорғының жұмыс нүктесі – су шығыны мен арынның сәйкес келетін жері. Таңдалатын сорғы дәл осы нүктеде тұрақты әрі тиімді жұмыс істеуі қажет. Егер сорғы тым қуатты болса – ол энергияны артық жұмсайды және құбырларда артық қысым туғызады. Ал қуаты жеткіліксіз болса – жүйеде айналым жеткіліксіз болады, бұл жылу жеткізуде ақауға әкеледі.

Жобаланып отырған Саялы-6 шағын ауданы үшін есептелген гидравликалық кедергілер мен су шығындары негізінде орташа қысымды, үш жылдамдықты циркуляциялық сорғы таңдалады. Жиі қолданылатын маркалар қатарына: Grundfos UPS, Wilo Star-RS, DAB Evosta жатады. Бұл сорғыларды пайдалану жүйенің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және техникалық қызмет көрсету тұрғысынан да тиімді.

Сорғыны таңдау кезінде мына талаптар да ескеріледі:

- Жүйе ұзындығы мен тармақтар саны;
- Жылу жүктемесі мен сорғының өнімділігі;
- Қызмет мерзімі мен техникалық сенімділігі;
- Қуат шығыны мен үнемділік көрсеткіші.

Жүйенің біркелкі жұмыс істеуі үшін сорғыға арнайы кері клапан, сүзгі (грязевик) және шар клапандар орнатылады. Бұл элементтер сорғыны ұзақ пайдалануға және ақаусыз жұмысқа мүмкіндік береді.

1.6 Жылу жүйесін монтаждау тәртібі

Жобаланған жылумен жабдықтау жүйесін іске асыру үшін құрылыс-монтаж жұмыстары нақты тәртіппен, нормативтік талаптарға сәйкес жүргізілуі қажет. Монтаждың дұрыс орындалуы – жүйенің ұзақ әрі сенімді жұмыс істеуінің негізгі шарты.

Жүйе элементтерін орнату кезінде мынадай негізгі сатылар орындалады:

Дайындық жұмыстары

- Құрылыс алаңын ұйымдастыру, қажет болған жағдайда уақытша жолдар мен электрмен жабдықтау желілері тартылады;
- Құрылыс техникасы мен құрал-жабдықтар жеткізіледі;
- Жоба сызбалары мен сметалық құжаттар тексеріліп, жұмыс орындарына беріледі.

Құбыр жолдарының трассасын белгілеу

- Құбыр өтетін жолдардың нақты бағыты сызба бойынша жергілікті жерде белгіленеді;
- Жер жұмыстары басталар алдында инженерлік желілер (су, кәріз, байланыс) тексеріледі;
- Құрылыс нормалары мен қауіпсіздік талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

Жер қазу және құбыр төсеу

- Құбырлар төселетін траншеялар қазылады, түбі тегістеліп, құм төсемі жасалады;

- Құбырлар сызба бойынша жиналып, дәнекерлеу жұмыстары жүргізіледі;
- Жылу оқшаулағыш қабат орнатылады (мысалы, ППУ қабық).

Арматура мен тірек элементтерін орнату

- Шар клапандар, кері клапандар, компенсаторлар және тіректер белгіленген орындарға орнатылады;

- Құбырларды бекіту үшін жылжымалы және жылжымайтын тіректер қолданылады.

Қысыммен сынау (опрессовка) және жуып шаю

- Құбыр жүйесі қысыммен сынақтан өткізіледі — бұл кезеңде ақаулар мен герметикалық бұзылыстар анықталады;

- Арнайы ерітіндімен немесе сумен жүйе толықтай жуылады.

Автоматика мен басқару құрылғыларын қосу

- Температура, қысым датчиктері, қауіпсіздік құрылғылары және сорғылар орнатылады;

- Басқару панелі мен диспетчерлік бақылау құрылғылары іске қосылады.

Жүйені іске қосу және реттеу

